

САБАҚ: қазақ тілі Тақырыбы: Интернет желісі		Мектеп: «№ 26 орта мектебі» КММ	
Күні: 22.09.2016 ж.		Мұғалімнің аты-жөні: Кابدухитова Назым	
СЫНЫП: 7		Қатысқандар: 15	Қатыспағандар: жоқ
Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары		7.О1. Мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтау; 7.О6. Тақырып бойынша өзіндік көзқарастарын білдіру; 7. Ж1. Сұраулы сөйлемдер құрастыра білу. 7. Т6. Тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру;	
Сабақ мақсаттары		Барлық оқушылар орындай алады: Мәтін бойынша сұрақтар құрастырып, жауап бере алады. Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Мәтін бойынша жоспар құрып, мазмұнын айта алады. Кейбір оқушылар орындай алады: Тақырып бойынша «Жуан» және «жінішке» сұрақтар құрастыра алады.	
Тілдік мақсат		Оқушылар орындай алады «Интернет желісі» тақырыбы бойынша өз пікірлерін білдіре алады. Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: Ғаламтор желісі, халықаралық желі, талғам, гиперсілтеме, әуесқой, компьютерлік ойын, аұпарат.	
Алдыңғы оқу:		Компьютерлердің түрлері, Электрондық байланыс құралы, Е-пошта, қосымша мәтіндік құжаттар дайындау бағдарламалары.	
Қосымша ақпарат Ғаламтор ресурстары, үлестіргемелі материалдар.			
1. Саралау –оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? 2. Қабілетті оқушыға жоспарды қалай түрлендіресіз?	Бағалау – оқушы білімін тексеруді қалай бағалайсыз?	Пәнаралық байланыс – Денсаулық және қауіпсіздік, АКТ-мен байланыс. Құндылықтармен байланыс (тәрбие элементіне қауіпсіздік)	
1. Қолпаштау, мадақ сөздер, шапалақ. 2. «Дұрыс, Бұрыс», «Өрмекшінің торы», «Кубизм», «Жуан – Жінішке сұрақтар», «Синквейн» арқылы	1. Сабақ басындағы көңіл күйі «Даналық ағашы» арқылы анықталып, соңында қайта оралып, өз көңіл-күйлерін бағалайды. 2. Стикер жабыстыру арқылы <i>жұптық жұмыстарды бағалау</i> 3. <i>Өзін-өзі бағалау.</i>	Информатика, экономика	
Жоспар			
Басы	I. Ұйымдастыру кезеңі. 1.1. Жағымды психологиялық жағдай тудыру. 1.2. «Дұрыс, Бұрыс» стратегиясы бойынша алдыңғы оқыған материалды қайталау. (Сөйлемдер кестесі таратылады)		
		дұрыс	бұрыс
	Компьютер – барлық ақпараттарды жеткізіп отыратын құрал.	+	
	Үстел үсті компьютерлері көп мөлшерде кездеспейді		+
	WORD – мәтіндік құжаттарды дайындауға, түзетуге және қағазға басып шығаруға арналмаған		
	Адамдар бүгінде интернетті поштаны пайдаланбайды		
	Компьютер арқылы хат жазсаңыз, ол бір айдан кейін алушының электрондық байланыс жәшігіне түседі		

	т.б. 1.3. Түрлі түсті әріптер қимасы арқылы топқа бөлу. 1.4. Әріптерден сөйлем құрау арқылы сабақтың тақырыбын анықтау. 1.5. Нені білуіміз керек? (Сабақтың мақсаты анықталады)															
Ортасы	II.Негізгі бөлім. 2.1. «Интернет желісі» атты мәтін таратылады. Оқушылар мәтінді оқып бір «жуан», бір «жіңішке» сұрақ дайындаулары тиіс. 1 –топ 1-2 абзац 2 –топ 2 абзац 3 –топ 3 абзац Интернет желісі Жиырмамыншы ғасырдың аяғында пайда болған Интернет қазір жер шарының әр түкпірін байланыстырып сан алуан адамдарды, елдер мен құрылықтарды біріктіріп отыр. Интернет 1960 жылдары АҚШ-та дүниеге келді. Сексенінші жылдардың басында Интернет деген термин пайда болды. Бұл ағылшынның халықаралық желі деген сөзі. Интернеттің мүмкіндігі шексіз. Талғамыңыз бен көңіл күйіңізге қарай одан сізді қызықтыратын көп нәрсе табуға болады. Үйден шықпай газеттің тың номерін парақтағыңыз келеме, мейіліңіз, тек WWW немесе Web деп аталатын әлемдік шырғауықты қолдансаңыз жетеді. Гиперсілтеме жүйесі арқылы қажетті басылымыңызды санаулы минуттар ішінде тауып аласыз. Планетамыздың кез келген нүктесіндегі ауа райын, ақпараттық агенттіктің соңғы жаңалықтарын білгіңіз келсе Интернет жәрдем беруге әзір. Интернеттен ғалым да, бизнесмен де, компьютерлік ойын әуесқойы да, бәрі-бәрі қажет ақпарат таба алады. Интернет күнделікті тұрмыс пен жұмыстың айнымас құралына айналып келеді. 2.2. «Өрмекшінің торы» стратегиясы арқылы мәтін бойынша бір-біріне сұрақ қою. (Әр топ дайындаған сұрақтарына кез келген оқушыдан жауап алады) 2.3. «Өрмекшінің торы» өріліп болған соң, «Кубизм» стратегиясы арқылы «Ғаламтор жүйесінің пайдасы мен зияны» жайында өз ойларын ортаға салады. («Өйткені», «себебі» с.қолдану) 2.4. Сұрақ-жауаптар мен айтылған ой-пікірлерді ескере отырып, берілген мәтінді толықтыру үшін жұптасып жоспар құру.															
Соңы	3.1. Желі, Ғаламтор, Жүйе сөздеріне «Синквейн» құрау. III . Кері байланыс «Даналық ағашы» сабақ соңындағы өз көңіл-күйлерін белгілейді. 3.2. Нені білдік? <table><tr><td>№</td><td>Сабақ ұнады ма?</td><td>Несімен ұнады?</td><td>Қиындықтар болды ма?</td><td>Қандай сұрағың бар?</td></tr><tr><td>1</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr><tr><td>2</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr></table> 3.3. Үй тапсырмасын беру.	№	Сабақ ұнады ма?	Несімен ұнады?	Қиындықтар болды ма?	Қандай сұрағың бар?	1					2				
№	Сабақ ұнады ма?	Несімен ұнады?	Қиындықтар болды ма?	Қандай сұрағың бар?												
1																
2																